

## БӨЛІМ: ҒИБРАТТЫ ӘҢГІМЕЛЕР

## Өзіңнен баста!

ЖАРИЯЛАНДЫ  
28.03.2016ТІРЕК СӨЗДЕР  
ғибратты әңгімелерСІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/346/

Алыс бір елде әділ қазы өмір сүріпті. Бір күні сот мәжілісінде алдына күлше ұрлаған кедей келтіріледі. Байғұс кінәсын мойындап: «Аштан өліп бара жатқаннан кейін амалсыз ұрладым» — дейді мойны салбырап. Қазы: «Ұрлыққа барып, қылмыс жасағаның үшін бәрібір саған үкім шығаруым керек» — дейді де: «Жағдайыңа байланысты саған 10 дирхам айыппұл салынады. Алайда айыппұлды төлей алмайтының себепті айыппұлды сенің атыңнан мен төлеймін» — дейді. Жиналған қауым таңданыс толы жанарлармен қазыға көз тігеді. Қазы шынымен-ақ қалтасынан 10 дирхам шығарып, қазынаға өткізуге бұйырады. Сосын көпшілікке бұрылып: «Арамызда аштықтан нан ұрлауға мәжбүр болған адам жүргендіктен осы отырған әрқайсысыңызға 10 дирхамнан айыппұл салынады» — дейді.

Лезде мәжілістен 450 дирхам жиналады. Қазы ақшаны әлгі кедейге береді.

www.asylarna.kz

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.